    - Хімічного, механічного або іншого впливу, потрапляння сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
    - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил і вимог техніки безпеки;
    - Нормальної експлуатації, а також звичайного зносу, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (ум'ятини, подряпини, потертості), природна зміна кольору металу в т.ч. поява райдужних і темних плям, а також - корозії на металі в місцях, де пошкоджене покриття та непокритих ділянках металу;
    - Зносу деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим терміном використання;
    - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*;
    - Самостійного розбирання виробу, не передбаченого інструкцією з експлуатації, або будь-якого іншого стороннього втручання у його конструкцію.
  11. Ця гарантія дійсна, якщо пред'явлена разом із оригіналом справжнього талона, оригіналом товарного чека, виданого продавцем, і виробу, в якому виявлено дефекти.
  12. Ця гарантія дійсна тільки для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, і не поширюється на вироби, які використовуються для комерційних, промислових або професійних цілей.
- З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до Вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання слід негайно звернутися до сервісного центру

\*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Постачальник не несе ніякої відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням приладу під час його транспортування, в результаті некоректного використання, а також у зв'язку з модифікацією або самостійним ремонтом приладу.

## Тұрмыстық шаңсорғыш

### POLARIS

#### Үлгісі PVB1805

### Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

### Мазмұны

Жалпы мәлімет .....	31
Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар .....	31
Электрлік шаңсорғыш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар .....	33
Құрылғының пайдалану саласы .....	33
Құрылғының сипаттамасы .....	34
Құрылғының жиынтықтылығы .....	35
Құрылғыны пайдалану .....	35
Құрылғыны тазарту және сақтау жөніндегі ережелер.....	39
Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер.....	42
Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер.....	42
Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері .....	42
Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар .....	43
Құрылғының техникалық сипаттамалары .....	43
Сертификаттау жөніндегі ақпарат .....	44
Кепілдік міндеттеме.....	45

## 1. Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PVCР PVB 1805, POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік шаңсорғыш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – шаңсорғыш құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау мен пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

## 2. Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Бұл электрлік шаңсорғыш құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл электрлік шаңсорғыш құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Бұл шаңсорғыш құрылғыны комерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында ұзақ уақыт бойы пайдалану, құрылғының шамадан тыс жүктелуіне алып келуі мүмкін, сонымен бірге бұл құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ, пайдаланушының өміріне төнетін қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін немесе оның айналасындағы адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз және анықтамалық материал ретінде қолдану үшін оны сақтап қойыңыз.
- Құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не оны қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Әр жолы шаңсорғыш құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ешбір жағдайда электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғы еденге не жерге құлап кетсе, оны қолданар алдында, білікті маман тексеріп шығуы керек, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеріп шығуы тиіс.
- Назар аударыңыздар! Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
- Құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық

сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, оның сөніп тұрғанына, яғни құрылғының іске қосу/ сөндіру батырмасы сөндіру қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз, оны қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз. Құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек (құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды).
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін дымқыл қолмен электр желіге жалғастырып қоспаңыз.
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, сонымен қатар, құрылғыны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның айыртетігін электр желіден ажырату қажет.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны ешқашан қадағалаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құрылғыны, оның электрлі желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, адаптерді оның электрмен қоректендіретін баусымын ұста, тартып тоқ көзінен ажыратуға тыйым салынады. Адаптерді электрлік қоректену желіден ажырату барысында адаптердің корпусынан ұстаңыз, тоқ жүретін істіктерге қолдарыңызды тигізбеңіз
- Құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымнан ұста, тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігінен ұстаңыз.
- Құрылғының электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымын тек қана техникалық білікті мамандары – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз., Тұрмыстық шаңсорғыш құрылғыны жөндеу және қарап-тексеру, сондай-ақ, оның қалыпты күйге келтіру жұмыстарын тек техникалық білікті мамандары тарапынан ғана, яғни қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді ғана пайдалануға қажет.



### **3. Электрлік шаңсорғыш құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар**

- Құрылғыны алдың жұмысы барысында оны жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орнатыңыз
- Шаңсорғыштың жұмысы барысында, құрылғыны тазаланатын бөлме еденінде жұмыс жасап тұрған қыздыру құралдардан және өзге де қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және басқа да электрлік құрылғылардан алыс қашықтықта орналастырыңыз.
- Шаңсорғышты шаң жинауға арналған шаңжинағышсыз және оның сүзгілері орнатылмаған болса пайдалануға тыйым салынады, сонымен қатар құрылғының шаң жинауға арналған шаңжинағышы мен сүзгіштер шаң мен қоқысқа толған жағдайда немесе олардың қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде шаңсорғыш құрылғыны пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыны пайдалану үшін шаңсорғыштың шаң жинауға арналған шаңжинағышы және оның ішіне орнатылатын сүзгілері тек түпнұсқалық болуы қажет, яғни шаңсорғышқа түпнұсқаулы емес сүзгілерді және шаңжинағышты орнатуға тыйым салынады.
- Шаңсорғыш құрылғыны тазарту үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышпен келесідей заттар мен материалдарды жинамаңыз:
  - тез тұтанатын заттектерді: күл, көмір, темекі тұқылы және т.б.;
  - өткір заттарды: сынған шыны, ине, кеңселік жапсырма шеге, қағаз қыстырғыш және т.б.;
  - принтер мен көшірме машиналарында қолданылатын бояу, себебі ол электр өткізгіш қоспасы болып табылады және ол сүзгіштерден толық жойылмайды;
  - улы және күйдіргіш заттарды, сонымен қатар жарылуға қауіпі бар заттарды;
  - асбест, немесе асбестті шанды;
  - құрылыстық гипс-цемент- әк шанды;
  - дымқыл шан мен әр түрлі ылғалды қоқыс материалдарды;
  - су мен кез келген басқа да сұйықтық заттарды жинауға мүлдем болмайды.
  - Шаңсорғыш құрылғымен адамдар мен үй жануарларды тазаламаңыз.
- Өндіруші кеңес берген керек-жарақтары мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Шаңсорғышты майысқақ құбыршегінен тартқыламаңыз. Шаңсорғыштың майысқақ құбыршегін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Шаңсорғыштың майысқақ құбыршегі ақаулы болса, оны қолданбаңыз.
- Шаңсорғыш құрылғының ауа шығаратын желдеткіш саңылауларын жабуға тыйым салынады.
- Жұмыс жасап тұрған шаңсорғышты корпустың шеті мен бүйір жақтарына орнатуға тыйым салынады. Жұмыс барысында шаңсорғыш әрдайым көлденең қалпында тұруы керек, құрылғының үсті жағында орналасқан қақпағы жоғары қарайтындай етіп орналасуы қажет. Баспалдақтардың шеті мен едендердің биіктігінде айырмашылықтар байқалса, шаңсорғыштың баспалдақтардағы тұрақтылығын қадағалаңыз.


### **4. Құрылғының пайдалану саласы**

Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес пайдаланылуы тиіс. Құрылғы өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады және құрылыс қоқыстарын тазалауға арналмаған.

Өндіруші осы пайдалану бойынша нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.


## 5. Құрылғының сипаттамасы

PVB1801 Шаңсорғыш құрылғы шаң-тозаң мен ұсақ қоқысты сору жолымен, қабаты берік, әрі тегіс тұрмыстық бөлмежайдың еден бетін құрғақ күйде тазалауға арналған.



1. Құрылғыны тасымалдау үшін пайдаланылатын тұтқасы (тасымалдау-тұтқасы);
2. Шаңжинағыш бөлігінің қақпағын ашу батырмасы;
3. Индикациялық панелі (панельдегі индикация көрсеткіштері);
4. Құрылғының электр желілік баусымын автоматты түрде орап жинау батырмасы;
5. Шаңсорғыштың қуаттылығын ауыстырып қосатын тетігі;
6. Іске қосу/сөндіру батырмасы (ІСКЕ ҚОСУ/СӨНД);
7. Шаңсорғыштың майысқақ құбыршегі;
8. Еден мен кілемнен жинауға арналған қылшақ;
9. Қондырмалары;
10. Телескоптық түтігі;

### Индикациялық панелі



1. Жұмсақ жиһаздың қаптауыштарын тазарту индикациясы;
2. Кілем бетін тазарту индикациясы;
3. Қатты едендік жабындарының барлық түрлерін тазарту индикациясы;
4. Шаңжинағыш бөлігіндегі контейнері немесе шаңжинағыш-қабы қоқысқа толы екенін көрсететін индикациясы;

## 6. Құрылғының жиынтықтылығы

1. Шаңсорғыш – 1 дана.
2. Шаңсорғыштың майысқақ құбыршегі – 1 дана.
3. Телескоптық түтік – 1 дана.
4. Еден мен кілемнен жинауға арналған қылшақ – 1 дана.
5. Қондырма – 2 дана.
6. Шаң жинауға арналған қағаз қабы, қосымша салынған – 5 дана.
7. Шаң жинауға арналған мата қабы ұстағышымен бірге құрылғының шаңжинағыш бөлігіне орнатылған – 1 дана.
8. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
9. Кепілдік талоны – 1 дана.
10. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.
11. Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қаптама қорабы) – 1 дана.

## 7. Құрылғыны пайдалану

Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз, содан кейін оның орайтын барлық материалдарын құралдың ішінен және сыртынан алып тастаңыз.


Қоқыс жинағыштың қақпағын ашыңыз, содан кейін оның шаң жинауға арналған мата немесе қағаз қабы және қозғалтқыштың қорғаныш сүзгісінің дұрыс орнатылғанына, және оған жасалатын негізгі тазарту мен күтім, яғни қызмет көрсетуіне қатысты жұмыстарының орындалғанына қоз жеткізіңіз. Қоқыс жинағыштың қақпағын жабыңыз. Құрылғыдағы шығыс сүзгісінің дұрыс орнатылғанына және оған жасалатын негізгі тазарту мен күтім, яғни қызмет көрсетуіне қатысты жұмыстарының орындалғанына қоз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Құрылғыны тазарту және сақтау жөніндегі ережелер» 8 тарауын қарап шығыңыз).

### Ескертпе!

Шаңсорғышты ешқашан сүзгілерсіз, сондай-ақ, оның шаңжинағыш бөлігінде қағаз немесе мата қабы орнатылмаған жағдайда немесе сүзгілер (шаң жинауға арналған қабы) ақаулы болса, іске қосуға тиым салынады. Кері жағдайда шаң тікелей моторға өтіп, құрылғының бүлінуіне әкеп соғады.

- Құбыршекті жалғастырып қосу:

Майысқақ құбыршектің ұштығын келте құбырындағы ауаны соратын саңылауға сарт еткізіп орнатыңыз, яғни шертпек секілді сарт еткен дыбысы естілмейінше басып, кіргізіңіз.




- Құбыршекті ажыратып шығару:


Алдын ала шаңсорғышты өшіріп, оның электр желілік баусымын ашалы розеткадан суырып алыңыз.

Майысқақ құбыршектің ұштығының екі жағында орналасқан (майысқақ құбыршегін босатуға арналған) батырмаларын басыңыз, содан кейін құбыршектің ұштығын тартып, оны ұшықтан ажыратып шығарыңыз.

- Құбыршектің тұтқасындағы ұштығын телескоптық түтіктің қозғалмайтын бөлігіне кіргізіңіз.




- Телескоптық түтіктің қозғалмайтын бөлігіндегі пластик бекіткішті өзіңізден әрі қарай тартып жылжытыңыз, содан кейін оның жылжымалы бөлігін қажетті ұзындыққа тартып шығарыңыз. Телескоптық түтіктің ұзындығын реттеп алыңыз.




- Телескоптық түтіктің жылжымалы бөлігіне қажетті қондырманы («еден/кілем» үлкен қылшақ немесе «жиһаз/қуыс» (саптаманы)) кигізіңіз.

Кілем, тақталы еден жабыны мен ағаштан жасалған және өзге де қатты едендік жабындарының барлық түрлерін тазартуға арналған қондырмасын (саптамасын) пайдалану үшін дайындау:



Кілем бетін тазарту үшін – қылшақты шығару қажет.

Қатты едендік жабындарының барлық түрлерін тазарту үшін – қылшақты шығаруға қажет емес.



Перде, жұмсақ жиһаз қаптауыштары мен тазалауға қиын, құыс жерлерді, яғни қолы жетпейтін жерлерді тазарту үшін пайдаланатын (саптамалары) қондырмалары.



## ҚОЛДАНУ

1. Құрылғының желілік баусымын қажетті ұзындыққа созып шығарыңыз, құрылғының желілік баусымын автоматты түрде орап жинайтын батырмасының көмегімен баусымның артық бөлігін ораңыз.

Құрылғының желілік баусымын созып шығарған кезде, оны сары белгіден (бөлігінен) артық шығармаңыз, себебі, бұл желілік баусымның сары түсті бөлігі созылып шығарылған баусымның соңғы бөлігінің жақындағанын білдіретін белгісі болып саналады, содан желілік баусымның сары түсті бөлігінен кейін келесі қызыл түсті бөлігі, бұл шығарылатын сымның соңы екендігін білдіреді.

2. Құрылғының электр желілік баусымын ашалы розеткаға жалғастырып, қосыңыз.


### Назар аударыңыздар!

Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамалары мен электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін қарап тексеріңіз, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Техникалық сипаттамалары») тарауын қарап шығыңыз.

3. Шаңсорғышты іске қосу үшін, құрылғының сыртқы корпусында орналасқан ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ батырмасын басыңыз.

## Шаңсорғыштың сору күшін реттеу

4. Сіз шаңсорғыштың сору күшін құрылғының қуаттылығын ауыстырып қосатын реттеуіш тетігінің көмегімен реттей аласыз, шаңсорғыштың қуаттылығын ауыстырып қосатын реттеуіш тетігі ең төмен (минималды), орташа және ең жоғары (максималды) қуатқа сәйкес келетін 3 позицияға ие. Индикациялық панеліндегі индикация көрсеткіштері пиктограмма белгілері түрінде жанып, таңдалған деңгейді көрсетеді. Қосымша Сіз шаңсорғыштың сору күшін құбыршектің тұтқасында орналасқан ауа ағынының реттеуіш тетігін қолдана отырып, реттей аласыз. Жұмсақ, нәзік материалдар үшін ең төменгі қуатты таңдаған жөн, сонымен жұмсақ нәзік материалдары тазарту үшін минималды сору күшін қолдануға кеңес беріледі, ол үшін шаңсорғыштың қуатын ауыстырып қосатын реттеуіш тетігін сол жаққа қарай бұрап, орнатыңыз (реттеуіштің жапқышын «өзіңізге қарай» жылжытып, барынша ашыңыз). Матрас, жұмсақ жиһаз қаптауыштары мен кілемді тазарту барысында реттеуішті және оның жапқышын орта қалыпқа орнатыңыз. Максималды қуатта (құрылғының қуатын ауыстырып қосатын тетігі ең шеткі оң жақ күйде болған жағдайда) және реттеуіштің жапқышы жабық күйінде болған кезде тақталы еден жабыны мен ағаштан жасалған және өзге де қатты едендік жабындарының барлық түрлерін тазартуға болады.



*Шаңсорғыштың сору күшін тазарту үдерісі орындалып жатқан кезде ауыстыруға болады.*

***Назар аударыңыздар: Шаңсорғыштың ауа алмасатын саңылаулары жабылған күйінде, не оның шаңжинағыш бөлігіндегі қағаз немесе мата қабы шаң мен қоқысқа толы болса немесе сүзгілері қоқысқа толып, ластанған жағдайда шаңсорғышпен пайдаланбаңыз, себебі бұл қозғалтқыштың бұзылуына әкеп соғады.***

***Егер құрылғының шаңжинағыш бөлігінің қақпағы жағында орналасқан индекаторлық панелінде шаңжинағыш-қабы қоқысқа толы екенін көрсететін индекаторы (қоқысқа толған белгісі) тұрақты жанып тұрғанда немесе жыпылықтайтын болса, шаңсорғышты дереу сөндіріңіз, содан кейін оны тазартыңыз, тазарту үдерісі осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Тазарту және сақтау жөніндегі ережелер» 8 тарауындағы нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.***


5. Шаңсорғыш құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, құрылғыны сыртқы корпусындағы ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ батырмасына басу арқылы сөндіріңіз, содан кейін шаңсорғыш құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Құрылғының электр желілік баусымын орау үшін құрылғының желілік баусымын автоматты түрде орау батырмасына бір қолмен басып ұстап тұрыңыз да, екінші қолыңызбен сымды қабылданатын құрылғыға біркелкі етіп бағыттаңыз.

## 8. Құрылғыны тазарту және сақтау жөніндегі ережелер

**Шаңсорғышты тазарту және оған күтім көрсету (күтім көрсету жөніндегі әрекеттерді орындау) және шаңжинағыш қабын ауыстыру, тазарту және оған күтім көрсету.**


Шаңсорғыш құрылғыны сөндіріп, оның желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз, содан кейін құрылғының электр желілік баусымын автоматты түрде орау батырманың көмегімен орап жинаңыз. Майысқақ құбыршекті шаңсорғыштан ажыратып алыңыз. Шаңжинағыш бөлігінің қақпағын ашу үшін, оның қақпағын ашуға арналған тетігін төмен жағынан сәл ғана басыңыз да, қақпақты жоғары қарай тартып ашыңыз. Шаңжинағыш мата қабы қоқысқа толы болса, қапты шаңжинағыш бөлігінен оның ұстағышымен бірге шығарып алыңыз, ол үшін шаң мен қоқысқа толған мата шаңжинағыш қабын асты жағынан бір қолыңызбен ұстай, басқа қолыңызбен қаптың ұстағышын (қатты бөлігінен ұстап) жоғары қарата тартыңыз. Шаңжинағыш мата қабын ұстағышынан ажыратып алыңыз.

**Назар аударыңыздар – шаңжинағыш мата қабын ұстағышынан ажыратқан соң, оның ұстағышын тастамаңыз, себебі ұстағышсыз шаңсорғыш жұмыс істемейді.**



**Құрылғыда шаң жинауға арналған қағаз қапты да, және мата қыпты да орнатып пайдалануға болады.**

Егер, бір рет қолданылатын шаңжинағыш қағаз қабын пайдалансаңыз - шаң мен қоқысқа толған қағаз қабын қоқыс салатын шелекке тастау керек. Ал егер, шаңжинағыш мата қабын пайдалансаңыз, оны қоқыс салатын шелектің үстінен ұстап, оны абайлықпен сәл қағып-сілкіп шаң мен қоқыстан тазартыңыз, содан кейін, оны ағын салқын судың астында жақсылап жуып, шайып тазалаңыз және бөлме температура барысында әбден құрғатыңыз. Шаң жинауға арналған мата қабын тазарқан соң, оны көп мәрте пайдалануға болады. Қозғалтқыштың қорғаныш сүзгісінің тұтқышын сүзгішпен бірге «жоғары қарай» тартып, шығарып алыңыз.



Тұтқыштан сүзгішті суырып алыңыз. Содан кейін сүзгішті жылы ағын судың астында жақсылап жуып, шайып тазалаңыз және бөлме температура барысында, ешбір қыздырусыз табиғи жолмен, яғни кәдімгі қалпымен әбден құрғатыңыз (сүзгіштерді құрғату үшін қыздырып кептіретін құралдарды пайдалануға тыйым салынады), сүзгіш әбден құрғақ болған соң, оны суырып алынған сүзгісінің тұтқышына салып, өз орнына орнатыңыз. Сүзгішті дымқыл түрде шаңсорғышқа орнатуға тыйым салынады. Сүзгішті орнына орнатпас бұрын, оның зақымдалмауын тексеріңіз. Бүлінген сүзгішті пайдаланбаңыз, сүзгіштің қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, оны басқа бір жаңа түпнұсқаулық біреуіне ауыстырыңыз.

Тазартылған, құрғатылған, ақауы жоқ сүзгішті оның тұтқышына салып, өз орнына орнатыңыз. Содан кейін шаңжинағыш мата немесе қағаз қабын оның ұстағышымен бірге шаңжинағыш бөлігіне орнатыңыз. Шаңжинағыш бөлігінің қақпағын сарт еткізіп жабыңыз, яғни шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше бекітіп жабыңыз, шаңжинағыш бөлігінің қақпағын жапқан кезде, оған артық күш салмаңыз.


Шаңжинағыш бөлігінің қақпағын бұзып алмас үшін, оның сүзгіш орнатылатын бөлігінде сүзгі мен шаңжинағыш қабы орнатылмаған болса, шаңжинағыш бөлігінің қақпағын жапқан кезде, оған артық күш салып, жабуға тырыспаңыз, себебі, сүзгі мен шаң жинауға арналған қабы ұстағышымен бірге орнатылмаған жағдайда, қақпақтағы құлып бұғатталып бекітілмейді, оның бекітілуіне блок қойылады.

## **Ауа шығаратын сүзгішті тазарту**

Атмосфераға ауа түспес бұрын, ол ауа өткізіп шығаратын сүзгіш арқылы соңғы тазарту үдерісінен өтеді, бұл сүзгіш құрылғының артқы жағында орналасқан. Бұл сүзгішті келесі жолмен тазарту қажет:

1. Құрылғыны сөндіріңіз, содан кейін оның электр желілік баусымын электрлік қоректендіру желісінен ажыратыңыз. Құрылғының электрмен қоректендіретін желілік баусымын желіден ажыратқан кезде, оның желілік баусымнан емес, штепсельді ашадан ұстап ажыратыңыз. Құрылғының электр желілік баусымын орап жинаңыз, ол үшін құрылғының желілік баусымын автоматты түрде орау батырмасын қолданыңыз.
2. Құрылғының артқы жағында орналасқан сүзгіші бар артқы қақпағын шешіп алу үшін, қақпақтағы құлыптау батырмасын төмен қарай басыңыз, поролон сүзгіші бар қақпағын ашып, құрылғыдан ажыратып алыңыз. Ауа шығаратын шығыс сүзгішті өзіңізге қарай тартып, қақпақтан ажыратып алыңыз. Құрылғының артқы жағында орналасқан бөлігінен HEPA – сүзгішті шығарып алыңыз.





3. Сүзгілерді салқын ағын судың астында жақсылап жуып, шайып шығыңыз. Сабын немесе өзге де жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз!
4. Сүзгілерді бөлме температура барысында 24 сағат ішінде әбден құрғақ болғанша кептіріңіз. Сүзгілерді дымқыл түрде шаңсорғышқа орнатуға тыйым салынады. Сүзгілерді орнына орнатпас бұрын, қарап шығыңыз, сүзгілерде қандай да бір бүлінушіліктің бар-жоғын және көзге көрінетін зақымдануының болмауын тексеріңіз. Бүлінген сүзгілерді пайдаланбаңыз, сүзгілердің қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, оларды басқа бір жаңа түпнұсқаулық біреуіне алмастыру қажет.
5. Ауа өткізіп шығаратын сүзгілерді орнына орнатыңыз (немесе бүлінген сүзгілерді басқа бір жаңа түпнұсқаулық біреуіне ауыстырыңыз), содан кейін құрылғының артқы жағындағы сүзгіші бар артқы қақпағын жабыңыз да, оны өз орнына сарт еткізіп жабыңыз, яғни шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше бекітіп жабыңыз.


### **Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелер**

Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Шаңсорғыш құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Құрылғының сыртқы корпусында, яғни шаңсорғыштың артқы жағында және де, оның астыңғы жағында арнайы бекітпе слоттары бар, бұл құрылғының қондырмасы бар түтігін тік (вертикаль) күйінде бекітуге арналған слоттар. Сақтау барысында құрылғыны көлденең немесе тік күйінде орналастырыңыз. Құрылғыны көлденең орналастырған жағдайда, оның қондырмасы бар түтігін

тігінен қойып құрылғының артқы жағында орналасқан арнайы бекітпе слотқа бекітіңіз, сондай-ақ, құрылғының кондырмасы бар түтігін құрылғының түбі жағында орналасқан арнайы бекітпе слотқа бекіткен жағдайда құрылғыны вертикаль күйінде орналастыру қажет.



### 9. Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер

Электрлі құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында оның түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

### 10. Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

### 11. Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері

Бұл кестеде құралды пайдалану барысында туындауы мүмкін, кең таралған мәселелер келтірілген. Егер өздігіңізден ақауды жоя алмасаңыз, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақаулардың пайда болуы	Ақаулардың пайда болуы себептері	Ақауларды жою тәсілдері
Құрылғы іске қосылмайды.	Электрмен қоректендіру желісінде бір мәселе туындаған немесе ток жоқ.	Құрылғының желілік баусымның айыр-төтігі электр желісіне дұрыс жалғасып тұрғандығына көз жеткізіңіз, яғни оның электр желіге қосылыс сенімділігін (беріктігін) тексеріңіз.

Құрылғының сору қуаты жеткіліксіз немесе құрылғының сору күші жұмыс барысында төмендейді.	Шаңжинағыш контейнері, шаң жинауға арналған қабы немесе сүзгілер, майысқақ құбыршегі, түтік немесе қондырма шаң мен қоқысқа толып, бітеліп қалған шығар.	Шаңжинағыш контейнері мен сүзгіштерді немесе шаңжинағыш қабын тазартыңыз, қажет болса шаңжинағыш қабы мен сүзгілерді басқа бір жаңасына ауыстырыңыз. Құрылғыдағы қондырмасын, майысқақ құбыршегін және оның түтігін қарап шығыңыз. Саптама мен майысқақ құбыршекті, түтікті бітеп тұрған ештеңе жоқ па, тексеріңіз, бітелуі анықталса, тазартыңыз.
Жұмыс барысында электрлі разряд, яғни электрлі тоқтан айырылу байқалады және қондырманың корпусына шаң жабысып жиналады.	Бөлмежайдағы ауаның төмен ылғалдығы салдарынан статикалық электр пайда болды.	Бөлмежайдағы ауаны ылғалдандыру бойынша шараларды орындаңыз. Статикалық зарядтан арылу үшін жиі түрде қондырманы металл заттарға жақындатыңыз.
Жұмыс барысында құрылғы кенеттен сөнеді.	Мотордың қызуы салдарынан қорғаныс құрылғысы іске қосылды.	Қызып кетудің мүмкін себептерін жойыңыз (шаңжинағыш контейнердің, сүзгіштердің, майысқақ құбыршектің және шаңжинағыштың қабы мен түтіктің және қондырмалардың бітелуі). Құрылғыны қайтадан іске қоспас бұрын, кем дегенде 90 минут уақыт бойы құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз.
Құрылғының электр желілік баусымы автоматты түрде толық оралып жиналмайды.	Құрылғының электр желілік баусымы қатты бұралып кеткен, немесе ластанып, тазартылмаған, не мүмкін дұрыс бірқалыпты етіліп оралып жиналмаған шығар.	Құрылғының электр желілік баусымын ток көзінен ажыратыңыз, желілік баусымын толықтай шығарып, тарқатыңыз, содан кейін оны ылғалды матамен сүртіп шығыңыз да, әбден құрғатып алыңыз да, қайтадан біркелкі етіп орап жинаңыз.

**Ескертпе: Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.**

## **12. Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар**

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтары белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

## **13. Құрылғының техникалық сипаттамалары**

PVB 1805 – POLARIS сауда таңбасымен шығарылған тұрмыстық электрлік шаңсорғыш құрылғы  
Кернеуі: 220-240 В.

Жиілігі: ~ 50 Гц.

Максималдық қуаттылығы: 2000Вт.

Шаң жинағыш контейнердің көлемі (сыйымдылығы): 3,3л.

Қорғаныс жіктелімі – 2.

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

## 14. Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.**

**Кепілдік мерзімі: 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.**

**Өндіру мерзімі: құрылғының техникалық төлқұжатында көрсетілген.**

**Өндіруші:**

**POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД**

**Блогі 1801, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг**

**Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong**

---

**Owner of TM Polaris - Astrata AG., Gewerbestrasse 5, Cham, canton Zug 6330, Switzerland.**

**Иесі ТЗ Polaris - Астрата Акционерлік қоғамы, көшесі - Гевербештрассе 5, Хам, Кантон Цуг, 6330, Швейцария.**

**Зауытта:**

**SUZHOU CHUNJU ELECTRIC CO., LTD - СУЧЖОУ ЧУНЬЮ ЭЛЕКТРИК КО., ЛТД**

**Huangqiao Town, Xiangcheng District, Suzhou City, Jiangsu, China**

**Хуанчао қаласы, Сянчен Дистрикт, Сучжоу, Цзянсу, Қытай**

**Ресей аумағындағы импорттаушы:**

**«Поларис Инт» ЖШҚ**

**105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі, 7-үй, 5- тұрғын үй құрылысы, 26-бөлме.**

**Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағында өкілетті өкілі**

**«ДС-Сервис» ЖШҚ, 109518, Мәскеу қаласы, Волжский желекжолы, 5-үй.**

**Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8 800 700 11 78**

---

## 15.КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

**Бұйым: Тұрмыстық электрлік шаңсорғыш**

**Үлгісі: PVB 1805**

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндетуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды болып есептеледі:

1. Кепілдік міндеттеме «POLARIS CORPORATION LIMITED» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:
  - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металлдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
  - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, коқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
  - Бұл кепілдік пайдалану бойынша нұсқаулықта қарастырылмаған бұйымды өздігінен жөндеу жұмысын жүргізу және құралдың конструкциясын бұзған жағдайда немесе оның құрылымымен өзге бір әрекеттерді орындап, оны өзгерту салдарынан туындаған ақауларға таралмайды;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

*\*Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)*

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жанадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

